

УДК 327.5; 323.1

Д. М. Арынгазин,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының магистранты**ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР:
ТҮРКИЯДАҒЫ КҮРД МӘСЕЛЕСІ****Аңдатпа**

Ұсынылған мақалада қазіргі әлемдегі этносаралық қарым-қатынастардың шеңберіндегі өзекті мәселелердің бірі – Түркиядағы күрд мәселесі қарастырылды. Сондай-ақ, Түркиядағы күрд мәселесінің қысқаша тарихы, оның қазіргі халықаралық жүйесіндегі жағдайы мен ресми Анкараның ұстанымы көрсетілген.

Трек сөздер: *Түркия, күрдтер, Күрдістан, Абдуллах Оджалан, Күрдістан жұмыскер партиясы, Режел Ердоган, Әділет және даму партиясы.*

Аннотация

Представлен один из самых актуальных вопросов международных отношений – межэтнические отношения в современном мире: курдский вопрос в Турции. В статье приводятся краткая история курдского вопроса в Турции, его нынешнее состояние в современной международной системе и позиция официальной Анкары по данному вопросу.

Ключевые слова: *Турция, курды, Курдистан, Абдуллах Оджалан, Рабочая партия Курдистана, Режел Эрдоган, Партия справедливости и развития.*

Abstract

The article is about one of the most pressing issues of international relations: Kurdish question in Turkey as the acute interethnic relations in the modern world. The article provides a brief history of the Kurdish question in Turkey, the current state in the modern international system and position of the official Ankara.

Key words: *Turkey, Kurds, Kurdistan, Abdullah Ocalan, Kurdistan Workers' Party, Recep Erdogan, Justice and Development Party.*

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі этносаралық қарым-қатынастар қазіргі жаһандану кезеңіндегі өте күрделі, көп қырлы, сан алуан әрі кешенді ағымдардың бірі. Мұндай қарым-қатынас – саяси, стратегиялық, экономикалық және халықаралық қауіпсіздік мәселелері мен қауіптерінің тоғысқан жері болып табылатын Таяу Шығыс аймағын да күрделі өзгерістерден тыс қалдырмады.

Өкінішке орай, бұл өңір қазіргі кезеңде әлемдегі саяси, экономикалық жағынан ең тұрақсыз және ірі шиеленістер мен қақтығыстардың жиі орын алып жатқан аймақтарының бірі. Оның ішінде, Таяу Шығыста, қала берді әлемдік қауымдастықта өте өзекті, ұзақ жылдар бойы өз шешімін таба алмай келе жатқан, әр кезеңде әлемдік алпауыт мемлекеттердің саяси ойынына, саясаткерлер мен саясаттанушылардың пікірталас объектісіне айналып отырған күрделі мәселе бар, ол – «күрд мәселесі».

Күрд халқы – әлемдегі өз тәуелсіздігі, жеке мемлекеттілігі жоқ ең көп санды халық. Саны жағынан Таяу Шығыста араб, түрік және парсылардан кейінгі төртінші ұлт. Күрдтердің халық ретінде қалыптасу үдерісі, яғни этногенезі, негізінен, қазіргі Түркия, Ирак, Иран және Сирия мемлекеттерінің аумақтарында жүрген және тиісінше күрд халқы аталған мемлекеттердің аумағында шоғырланған. Бірнеше дереккөздеріне тоқтала отырып, олардың әлемдегі қазіргі саны 38–40 миллионға таяу деп топшылауға болады [1].

XIX ғасырдан бері халықаралық қатынастар жүйесінің күн тәртібінен түспей келе жатқан күрд халқы, олардың қоғамы, шаруашылығы туралы айтар болсақ, әлеуметтік-экономикалық құрылысы тұрғысынан күрдтер ертеден-ақ көшпелі феодализмге негізделген. Күрдтердің тіршілігі негізінен көшпелі мал шаруашылығымен, оның ішінде қой малын өсіруімен тығыз байланысты болған. Барлық күрдтер тайпалық бірлестіктерге, тайпаларға және руларға бөлінді. Тайпаның басшысы – хан, бек, аға лауазымдарын иеленген және олар өз тайпаларында шынайы билікке ие болған [2, 1-6.].

Күрд халқының жоғарыда айтылғандай, өмір сүру кеңістігінен күрд этносының ең көп орналасқан жері оңтүстік-шығыс және шығыс Түркия аумағы. Түркиядағы күрд халқының саны жайында толық және нақты ақпарат жоқ. Мәселен, түрік билігінің ресми ақпаратына сәйкес, Түркияда 10 миллионға жуық күрд тұрады. Алайда, Түркиядағы күрд

ұлтшылдары мен партияларының мәліметтеріне орай, мемлекетті 20 миллионнан астам күрд халқының өкілдері мекендейді [3, 91-б.]. Сонымен қатар, олардың түпкілікті мақсаты жоғарыда аталған мемлекеттердегі бүкіл күрдтерді біріктіре отырып, Таяу Шығыста тәуелсіз Күрдістанды құру болып табылады. Ал, күрдтердің өзін-өзі тану мәселесі Түркия, Ирак, Иран және Сирия сияқты мемлекеттерінің күрдтердің заңнамалық құқықтарын мойындамауымен сипатталады. Әрине мұндай ахуал, Таяу Шығыс елдеріндегі саяси жағдайға ғана емес, сонымен қатар, бүкіл халықаралық қатынастарға және күрд мәселесін өз мүддесіне пайдаланғысы келетін бірқатар саяси күштердің өзіндік саясатына, жекелеген мемлекеттердің саяси ұстанымдарына, ішкі және сыртқы саясатына елеулі әсер етуде.

Тарихи тұрғыда «күрд мәселесіне», қатысты тым тереңге бойламай, XX ғасырдың алғашқы он жылдығынан бастауға болады. Білетініміздей, сол кезеңде, Таяу Шығыс отаршыл елдер тарапынан негізгі бәсекелестік аренасына айналғандығын және күрд мәселесінің аймақтық деңгейден халықаралық деңгейге көтерілгендігін, тиісінше күрделене түскендігін байқауға болады. Мақала барысында, Түркиядағы «күрд мәселесі», оның алғышарттары мен бүгіні, өткен кезеңі мен бүгінгі халықаралық ахуал тұрғысынан салыстырылып, сарапталады.

Осман империясы мен Иранның XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Таяу Шығыстағы күрд мәселесін шеше алмауынан, бұл аймаққа еуропалық мемлекеттердің тікелей араласуы күрд халқының жағдайын одан әрі қиындатып, мәселені саясиландыра түсті.

Осман мемлекетінің дағдарысы, құлдырауы, саяси және әскери тұрғыдан күрт әлсіреуінің салдарынан оның шеткері аймақтарында сепаратистік тенденциялар күш алып, нәтижесінде, әлемдік саяси сахнада ұлтшылдық негізінде жаңа мемлекеттер пайда болды. Және алып империялардың ыдырап, жаңа мемлекеттердің құрылу тенденциясы Еуропа құрлығын да шарпыды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында күрдтердің тәуелсіздігі үшін қозғалысы жаңа деңгейге көтеріліп, белсенді бола түсті. Аталған кезеңде күрдтердің ұлттық-саяси ұйымдарының саны күрт артты. Алғаш рет жалпыхалықтық күрд көтерілісінің қажеттілігі мен біртұтас күрд ұлттық мемлекетін құру жайында жүйелі үгіт-насихаттар жүргізілді.

Ал, бұл кезеңде Осман құндылықтарынан біржола айырылған Түркия Республикасы Еуропаның қағидалары мен негіздеріне сүйене отырып жаңа мемлекетті қалыптастыруға кіріскен болатын. Жаңа Түркияның сәулетшілері ел аумағында зайырлы, батыстандырылған, унитарлы және ең бастысы, бір ұлтты мемлекеттің негізін қалай бастады. Әрине, мұндай өзгерістер Түркияда тұрып жатқан күрд халқына өз әсерін тигізді және дін жағынан өзара жақын екі халықтың арасындағы қарым-қатынасты одан сайын шиеленістіріп жіберді.

Алғашқы кезден-ақ, күрдтер ресми Анкараға бағынышты болудан бас тартып, 1920 жылғы Севр бейбіт шартына сөйкес, Ұлттар Лигасына өздерінің тәуелсіздіктерін жариялау туралы мәселені қоюға мүдделілік танытты [4, 206-б.]. Алайда, 1923 жылы қабылданған Лозанна бейбіт шарты, алып дәржавалар тарапынан күрд халқына уәде етілген тәуелсіздіктерін алу туралы үмітін, жоспарын, халықаралық қатынастардың күн тәртібінен біржолата сызып тастады.

1923 жылы империя біржола ыдырап, Мұстафа Кемал басшылығымен Түркия Республикасы құрылды [4, 207-б.]. Жаңа мемлекеттің өз аумағындағы азшылық топтарға қатысты жүргізіп жатқан ресми саясаты мен реформаларына қарсы күрд халқының наразылығы күшейе түсті. Мәселен, 1925 жылы Сейд Али шейх бастаған күрдтердің қарулы көтерілісі, 13 мыңнан [5] 70 мыңға [6] дейін күрдтердің өліміне әкелген 1937–1938 ж.ж. Дерсим оқиғасы және т.б.

Алайда, бұл қозғалыстар бүкіл күрдтер мекендеген аумақтарды дүр сілкіндіріп, үлкен маңызды күшке айналса да, сипаты жағынан алғанда, олардың көпшілігі үкіметке саяси талаптарын белгілі бір жүйеде ұсына алмады. Дегенмен, мұндай талаптарды мүлдем жоқ болды деуге де болмайды. Себебі, жекелеген күрд басшылары үкіметке өздерінің автономия статусында болуын және күрдтердің істеріне араласпау жөніндегі талаптарын қойған. Бірақ, мұндай саяси талаптар барлық күрд қозғалыстарына тән емес. Сондықтан, нақты бағдарланған мақсаты болмаған бас көтерулердің жетістікке қол жеткізбеуі де заңдылық еді. Аталғандай бас көтерулер, үкімет пен ұлтшылдар арасына көлеңкесін түсірмей қоймады, нәтижесінде, күрд халқына, Түркия үкіметіне деген сыңаржақ жағымсыз көзқарас орнығады.

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы болған оқиғалардан кейін араға 40 жылдай уақыт сала, толқулар мен қақтығыстардың жаңа легі басталады. Өткен ғасырдың 70 жж. Түркияда тұрып жатқан күрд халқының саяси көзқарастары мен ұстанымдары өзгеріп, елеуметтік бейнесі тұрғысында басым түрде ауыл тұрғынынан қалалыққа ауысып, өздерінің саяси партиялық ұйымдары пайда болады, саяси белсенділігі арта түседі. Оның ішінде ең елеулісі, марксистік-лениндік идеология негізінде құрылған Күрдістан жұмыскер партиясы (ЮКП, күрдше *Partiya Karkerên Kurdistan, PKK*). Аталған партияның негізін қалаушысы Абдулла Оджалан Түркияға қарсы террористік сарындағы қарулы күресті бастайды және бұл қақтығыс бүгінгі күнге дейін созылып, шамамен 40 000 адамның өліміне алып келді. Қазіргі таңда, әлемнің көптеген елдері ЮКП партиясын террористік ұйым ретінде мойындайды.

XX ғасырдың 80 жылдарынан бергі түрік-күрд қақтығысы хронологиясын негізгі үш кезеңге бөлуге болады. Біріншісі, 80 жылдардың басы мен 1990 жылдардың аяғы – қарулы қақтығыстардың нағыз өршіген уақыты ретінде сипатталады (жылына 3–5 мың адам қаза тауып отырған). Екінші кезең – 2000 жылдардың алғашқы он жылдығы – күрдтердің саяси лауазымдар атқаруына құқықтық мүмкіндіктер ашылады. Үшінші кезең – Таяу және Орта Шығыстың геосаяси өміріне күрт өзгерістер әкелген – 2011 жылы басталған «араб революциясы» [7, 1-6.].

Қазіргі таңда, ресми Анкара ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ішкі шиеленістің шешімін табу оңай емес екендігін, сондай-ақ, Таяу Шығыстағы жалғасып жатқан «араб революциясын» және оның салдарын ескере отырып, Түркияның Имралы аралында 15 жыл қамауда отырған Күрдістан жұмыскер партиясының көшбасшысы Абдулла Оджаланмен 2012 жылдан құпия түрде қарым-қатынас орната бастайды. 2013 жылы Түркиядағы күрдшіл Бейбітшілік және демократия партиясының басшылары Имралыға өздерінің алғашқы сапарларын жасайды. Нәтижесінде, қырық жылдай жалғасып жатқан түріктер мен күрдтер арасындағы қанды қақтығысты бейбіт жолмен шешу үшін алғашқы қадамдары жасалынады және 2013 жылы 21 наурызда екі тарап уақытша бітімге келеді. Бірақ, ресми Анкара А.Оджаланды Имралыдағы түрмеден үй қамағына ауыстыруды ешқашан қарастырмайтынын халыққа нақты білдірді [8, 1].

Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанның күрд мәселесіне қатысты жаңа бастамалары негізінен екі мақсатты көздейді. Біріншісі, Р. Т. Ердоғанның Әділет және даму партиясын екі халық арасында толығымен бейбітшілік пен ынтымақтастықты орната алатын партия ретінде қалыптастыру. Түрік сарапшыларының айтуы бойынша, терроризм салдарынан түрік экономикасы елеулі зардап шегіп, ұзақ жылдарға ұласқан терроризмге қарсы күреске Түркия үкіметі шамамен 300 миллиард АҚШ доллары көлемінде қаржы жұмсаған [9, 21-6.].

Екіншіден, мемлекетте өтетін әр сайлау кезінде саны көп күрд халқының басым көпшілігінің дауысын жинау болып отыр. Себебі, Әділет және даму партиясының Республикалық халық партиясы (социал-демократтар, кемалистер) және Ұлтшылдық әрекет партиялары сияқты ірі бәсекелестері бар.

Қазіргі таңда, ресми Анкара экономикалық және саяси тиімділіктерін ескере отырып, Ирак Күрдістанымен тұрақты қарым-қатынас орнатты. Сонымен қатар, Сириядағы күрдтермен де келіссөздер жүргізе бастады.

Таяу Шығыста басталған күтпеген саяси ахуал, қайшылықты жағдайлар мен «араб революциясы» аймақты мекендеген күрдтерге өз жағдайларын түбегейлі өзгертуге мүмкіншілік пен үміт берді. Егер назар аударсақ, қазіргі күрдтердің қарулы жасақтары мен жауынгерлері солтүстік Сирия мен солтүстік Иракта өз позицияларын нығайту үстінде. Сондай-ақ, олар Иран территориясында да белсенділік танытуда. Бірақ, бұл мәселелер бүгінгі жүргізіліп жатқан келіссөздер перспективаларына қатысты қосымша сұрақтар туындатады: бұл үдеріс Түркиядағы күрд мәселесін қаншалықты шеше алады? Немесе мәселенің шешіміне өз ықпалын тигізеді ме? Әлде қазіргі жағдай қарулы қақтығыстың келесі кезеңіне дейін күштердің жинақталуы болып табылады ма? Мұндай сарындағы сұрақтардың болуы әрине заңдылық. Бірақ, болжамдардың орындала бермейтіндігі тарихтан белгілі. Барлығына уақыт төреші.

Сөз жоқ, Таяу Шығыстың бүгінгі таңдағы ахуалы жоғары динамизмімен сипатталады. Мұнда араб-израиль қақтығысы, Иранның ядролық бағдарламасы және халықаралық

төрроризм сияқты өлемнің негізгі проблемалары шоғырланған. Сондықтан, күрдтердің аймақта қолайлы перспективаларға қол жеткізуі, осы аймақта өз ықпалын күшейтіп жатқан АҚШ-ның саясатына да біршама тәуелді. Аймақтағы мәселелерді ескере отырып, халықаралық қауымдастық, қазіргі уақытта АҚШ-тің күрдтерге деген қызығушылығының арта түскендігінің куәсі болуда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Kerim Yildiz, Georgina Fryer. *The Kurds: culture and language rights Kurdish Human Rights, Kurdish Human Rights Project, 2004. Page 284.*
- 2 Лазарев М.С. *Империализм и курдский вопрос (1905-1917 г.г.) / М.С.Лазарев. – М.: Наука, 1989.*
- 3 Бжезинский З.К. *Выбор: мировое господство или глобальное лидерство / Пер. с англ. Е. А. Нарочницкой, Ю. Н. Кобякова. — М.: Международные отношения, 2004.*
- 4 *Новейшая история стран Азии и Африки, XX век: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений: В 2 ч./Под ред. А.М. Родригеса. – М.: Гуманит.изд. центр ВЛАДОС, 2001. – ч.1: 1900 – 1945. – 368 с.*
- 5 *Turkey PM Erdogan apologises for 1930s Kurdish killings. (<http://www.bbc.com/news/world-europe-15857429>)*
- 6 *Dersim '38 Conference. (<http://www.pen-kurd.org/almani/haydar/Dersim-PreseerkiC3A4rungEnglish.pdf>)*
- 7 Шлыков П. В. *Курдский вопрос в Турции: на пути к разрешению конфликта? // Перспективы. Фонд исторической перспективы. (<http://perspektivy.info>)*
- 8 *Ocalan'a Ev Hapsi iddiasına Yanıt. // Hürriyet, 6/01/2013.*
- 9 *Yayman Huseyin. Turkiye'nin Kurt Sorunu Hafızası. Ankara: SETA Yayınları, 2011.*

Дата поступления статьи в редакцию 14.04.2015